



**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ СТАНДАРТЫ**

**Ақпарат, кітапхана және баспа ісінің стандарттар жүйесі**

**БАСЫЛЫМ**

**ШЫҒУ МӘЛІМЕТТЕРІ**

**Жалпы талаптары және рәсімдеу ережелері**

**ИЗДАНИЯ**


**ВЫХОДНЫЕ СВЕДЕНИЯ**

**Общие требования и правила оформления**

**ҚР СТ 2383 - 2013**

*(ГОСТ Р 7.0.4- 2006 «Басылым. Шығу мәліметтері  
Жалпы талаптары және рәсімдеу ережелері», MOD)*

**Ресми басылым**



**Қазақстан Республикасы Индустрия және жаңа технологиялар  
министрлігінің  
Техникалық реттеу және метрология комитеті  
(Мемстандарт)**

**Астана**



**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ СТАНДАРТЫ**

**Ақпарат, кітапхана және баспа ісінің стандарттар жүйесі**

**БАСЫЛЫМ**

**ШЫҒУ МӘЛІМЕТТЕРІ**

**Жалпы талаптары және рәсімдеу ережелері**

**ҚР СТ 2383 - 2013**

*(ГОСТ Р 7.0.4- 2006 «Басылым. Шығу мәліметтері  
Жалпы талаптары және рәсімдеу ережелері», MOD)*

**Ресми басылым**

**Қазақстан Республикасы Индустрия және жаңа технологиялар  
министрлігінің  
Техникалық реттеу және метрология комитеті  
(Мемстандарт)**

**Астана**

**Алғысөз**

**1 «Қазақстан Республикасы Ұлттық мемлекеттік Кітап палатасы» Республикалық мемлекеттік мекемесі ӘЗІРЛЕП ЕНГІЗДІ**

**2 Қазақстан Республикасы Индустрия және жаңа технологиялар министрлігі Техникалық реттеу және метрология Комитеті Төрағасының 2013 ж. «18» желтоқсандағы № 564-од бұйрығымен БЕКІТІЛІП ҚОЛДАНЫСҚА ЕНГІЗІЛДІ**

**3** Осы стандарт Қазақстан Республикасындағы баспа нарығының сұранысына орай, қосымша бөлімдер мен талаптар енгізу жолымен ГОСТ Р 7.0.4-2006 «Басылым. Шығу мәліметтері. Жалпы талаптары және рәсімдеу ережелері» стандартына сәйкес өзгертілді, түсініктемелер осы стандарттың Кіріспесінде келтірілген.

ГОСТ Р 7.0.4-2006 Ресей кітап палатасы (РКП) Федералдық мемлекеттік мекемесі әзірледі.

Сәйкестік дәрежесі - түрлендірілген (MOD).

**4 БІРІНШІ ТЕКСЕРУ МЕРЗІМІ  
ТЕКСЕРУ КЕЗЕҢДІЛІГІ**

**2018 жыл  
5 жыл**

**5 АЛҒАШ РЕТ ЕНГІЗІЛДІ**

*Стандарттағы өзгерістер туралы ақпарат жыл сайын шығатын «Қазақстан Республикасының стандарттау бойынша нормативтік құжаттары» көрсеткішінде, ал мәтіндегі өзгерістер ай сайын шығатын «Ұлттық стандарттар» ақпараттық көрсеткіштерінде жарияланады. Стандарт қайта қаралған немесе ауыстырылған жағдайда тиісті ақпарат «Ұлттық стандарттар» ақпараттық көрсеткішінде жарияланады.*

Осы стандартты Қазақстан Республикасы Индустрия және жаңа технологиялар министрлігі Техникалық реттеу және метрология комитетінің рұқсатынсыз ресми басылым ретінде толықтай немесе бөлшектеліп, басылып шығарыла, көбейтіле және таратыла алмайды

## Мазмұны

Кіріспе	V
1 Қолданылу саласы	1
2 Нормативтік сілтемелер	1
3 Терминдер мен анықтамалар	2
4 Жалпы ережелер	2
5 Кітап басылымдарының шығу мәліметтері	3
6 Ноталық басылымдардың шығу мәліметтері	9
7 Мерзімді және жалғаспалы басылымдардың шығу мәліметтері	12
8 Газеттердің шығу мәліметтері	15
9 Парақтық басылымдардың шығу мәліметтері	17
10 Бейнелі ашық хаттардың шығу мәліметтері	19
11 Картографиялық басылымдардың шығу мәліметтері	19
12 Электрондық басылымдардың шығу мәліметтері А қосымшасы (акпараттық). Шығу мәліметтерін рәсімдеу үлгілері	19 22

## Кіріспе

Осы стандарт бірыңғай экономикалық және ақпараттық кеңістік аясында Қазақстан баспа өнімдерінің бәсекеге кабілеттілігін арттыру мақсатында Қазақстан Республикасы Ұлттық мемлекеттік Кітап палатасымен (бұдан әрі – Кітап палатасы) әзірленді.

Осы стандарттың ережесі ғылыми-техникалық үдерістің талаптарына сәйкес келеді, баспа ісі саласында бірыңғай ақпараттық кеңістікті камтамасыз етеді, алдыңғы қатарлы тәжірибелерді жинақтайды, сонымен бірге мемлекеттік тілде дамып келе жатқан Қазақстан баспа нарығының қажеттіліктерін және ерекшеліктерін басшылыққа алады. Стандартты қолданысқа енгізу шет елдерге отандық басылымдар экспортының ұлғаюына және тәжірибе жүзінде қолданылуына ықпал етеді.

Стандарт кітап, мерзімді және жалғаспалы, нота, парактық, газет, картографиялық, электронды және бейнелеу өнері басылымдарын шығу мәліметтеріне мемлекеттік және орыс тілінде, сонымен бірге орналасқан жеріне байланысты ортақ талаптар белгілейді. Республикадағы басылымдардың редакциялық-баспа дайындығының озық тәжірибесін көрсетіп, басылымның сапалы болып шығуын камтамасыз етуге және кітап пен ақпараттық мәдениеттің қажетті дәрежесін көтеруге бағытталған. Стандартты енгізу статистикалық мәліметтер базасында, ұлттық библиографиялық көрсеткіштерде, кітапханалық каталогтар мен басқа да ақпарат көздерінде шығу мәліметтерінің толықтығын камтамасыз етеді, сонымен қатар кітапханада, мұрағат пен бөлшек сауда кәсіпорындарында кәсіби мамандар мен тұтынушыға қажетті баспа өнімін іздеуде және ақпараттандыруда қажет болып табылады.

Стандартты қолдану мемлекеттің ақпараттық қауіпсіздігін камтамасыз етеді, қоғамдағы ақпараттық ортаның қалыптасу тиімділігін арттырады, халықаралық ланкестікті, ислам фундаментализмі және экстремизмнің басқа да көріністерінің насихатталуын баспа өнімдерінде шығу және шығару мәліметтерін, оның ішінде мемлекеттік тілде міндетті көрсету арқылы мемлекеттік тұрғыдан қарсы әрекеттерге жағдай туғызады. Шығу және шығару мәліметтерінің баспа өнімдерінде көрсетілуі зияткерлік меншікті қорғау және заңсыз таралуына қарсы әрекет жасайтын негізгі қосымша құрал.

Стандарт ГОСТ 7.4-95 негізінде жасалған және оның сұранысқа сай нұскасы – «Басылым. Шығу мәліметтері. Жалпы талаптары мен рәсімдеу ережелері» ГОСТ Р 7.0.4-2006 стандартына қарай үйлестірілген.

ГОСТ Р 7.0.4-2006 талаптарынан айырмашылығы бұл стандартқа төмендегідей өзгертулер енгізілген:

– I-бөлім «Қолданылу саласында» басылымдардың қосымша түрлері: картографиялық, электронды басылымдар, оның ішінде аудиовизуалды өнімдер және осы стандартты басшылыққа алатын киностудиялар, медиа-IV

индустриялар, дыбыс жазатын компаниялар мен продюссерлік орталықтар енгізілген.

– шығу мәліметтерінде Халықаралық стандартты кітап (ISBN) және музыкалық (ISMN) өнімдер туралы ақпарат, 2 Бөлім «Нормативті сілтемелер» оларды белгілейтін сілтемелер (СТ ҚР 994 және СТ ҚР 2002) енгізілген;

- 4-бөлімге жекелеген тәртіп бойынша баспагерлердің өтінішіне сәйкес мерзімді және жалғаспалы басылымдарға, газеттерге, сериялы электронды басылымдарға, нөмірленген кітап серияларына, материалдың жинақталуына қарай шығатын жинақтарға, еңбектер мен баяндамаларға ГОСТ 7.56 бойынша жеке тәртіппен берілетін Сериялы басылымдарының халықаралық стандартты нөмірі (ISSN) туралы ақпарат енгізілген.

4-бөлімнің 4.7 тармағында ISBN, ISMN сияқты басылымды идентификациялайтын халықаралық стандартты нөмірлер бір-біріне тығыз орналасатындығы түсіндірілген. Халықаралық стандартты нөмірдің (ISMN, ISBN, ISRC, ISAN, ISTC) әрқайсысына сәйкес аббревиатуралары көрсетілуі тиіс.

- 4-бөлімнің 4.8 тармағында түсіндірілгеніндей, Қазақстан Республикасы Ұлттық мемлекеттік Кітап палатасы бекітілген Жарғысына сәйкес ұлттық библиография мен баспа статистикасының ғылыми-әдістемелік орталығы болып табылады, Қазақстан ақпарат нарығында баспа және медиа өнімдер субъектілерінің шығу мәліметтерін сақтау туралы кеңес береді, ұйымдастыру-әдістемелік басшылық жасайды.

- жаңа бөлімдер енгізілген:

а) 11-бөлім «Картографиялық басылымдардың шығу мәліметтері» географиялық, тарихи және астрономиялық, бір беттік және көп беттік карталардың кеңінен тарала бастауына байланысты, карта басылымдарының жасанды, жалған немесе заңсыз таралымына жол бермеу, автор мен әзірлеушінің авторлық құқығын қорғау мақсатында енгізіліп отыр.

б) 12-бөлім «Электронды басылымдардың шығару мәліметтері», республикадағы электронды басылымдар мен аудиовизуалды өнімдердің жыл сайын көбейіп, кеңінен таратыла бастауына байланысты, әр түрлі тасымалдаушылардағы (қағаз, сандық, аудио кітапта) шығармалардың мәтінін сәйкестендіру үшін енгізілген Халықаралық стандартты аудиовизуалды нөмірлер (ISRC, ISAN) және Халықаралық стандартты мәтін кодтар (ISTC) стандарттарына байланысты енгізіліп отыр.

«Басылым. Шығу мәліметтерінен» 7.0.4-2006 ГОСТ Р айырмашылығы ережелер мен талаптары мәтін бойынша көлбеу жазумен ерекшеленген.

Бұл стандарттың үлгілері А қосымшасында шартты түрде көрсетілген.

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ СТАНДАРТЫ**

Ақпарат, кітапхана және баспа ісінің стандарттар жүйесі

Басылым

**ШЫҒУ МӘЛІМЕТТЕРІ**

Жалпы талаптары және рәсімдеу ережелері

Енгізілген күні: 2014-07-01

**1 Қолданылу саласы**

Осы стандарт кітап басылымдарының барлық түрлері мен қайта басылымдарының, мерзімді және жалғаспалы басылымдардың, нота, парактық, *картография*, газет, бейнелеу өнері және *электронды басылымдардың*, оның ішінде, *аудиовизуалды өнімдер үшін шығу мәліметтерінің құрамын, орналасу тәртібі мен рәсімделуін реттейді.*

Стандарт баспа, басып шығарушы мекемелерге, полиграфиялық және кітап саудасы кәсіпорындарына, *киностудиялар мен медиа нарық субъектілеріне, дыбыстық жазба компанияларына және продюссерлік орталықтарға* қолдануға арналған.

**2 Нормативтік сілтемелер**

Осы стандартта мынадай стандарттарға сілтемелер берілген:

*ҚР СТ 994-2012 (ISO 2108:2005) Ақпарат, кітапхана және баспа ісінің стандарттар жүйесі. Басылым. Халықаралық стандартты кітап нөмірі (ISBN). Баспалық рәсімделуі және қолданылуы.*

*ҚР СТ 2202-2012 (ISO 10957:2009) Ақпарат, кітапхана және баспа ісінің стандарттар жүйесі. Музыкалық шығарма басылымының халықаралық стандартты нөмірі (ISMN). Баспалық рәсімделуі және қолданылуы.*

ГОСТ 7.1-2003 Ақпарат, кітапхана және баспа ісінің стандарттар жүйесі. Библиографиялық жазба. Библиографиялық сипаттама. Жалпы талаптары және құрылу ережелері.

ГОСТ 7.51–98 Ақпарат, кітапхана және баспа ісінің стандарттар жүйесі. Картотека мен каталогтарға арналған карточкалар. Басылымды каталогтандыру. Құрамы, мәліметтердің құрылымы және баспалық рәсімделуі.

ГОСТ 7.56–2002 Ақпарат, кітапхана және баспа ісінің стандарттар жүйесі. Басылым. Сериялық басылымдардың халықаралық стандартты нөмірі.

ГОСТ 7.60–2003 Ақпарат, кітапхана және баспа ісінің стандарттар жүйесі. Басылым. Негізгі түрлері. Терминдер және анықтамалар.

**Ресми басылым**

## **ҚР СТ 2383-2013**

ГОСТ 7.80–2000 Ақпарат, кітапхана және баспа ісінің стандарттар жүйесі. Библиографиялық жазба. Тақырып. Жалпы талаптары мен құрастыру ережелері.

ГОСТ 7.83–2001 Ақпарат, кітапхана және баспа ісінің стандарттар жүйесі. Электронды басылымдар. Негізгі түрлері және шығу мәліметтері.

ГОСТ 7.84–2002 Ақпарат, кітапхана және баспа ісінің стандарттар жүйесі. Мұқаба және тысы. Жалпы талаптары мен рәсімдеу ережелері.

ГОСТ 7.86–2003 Ақпарат, кітапхана және баспа ісінің стандарттар жүйесі. Басылым. Баспа мазмұндамасына қойылатын жалпы талаптар.

ГОСТ 7.9–1995 Ақпарат, кітапхана және баспа ісінің стандарттар жүйесі. Реферат және аңдатпалар. Жалпы талаптары.

ГОСТ ISO/IEC 15420–2001 Автоматты идентификация. Штрихты кодтау. EAN/UPC штрих коды белгісінің ерекшелігі.

*ЕСКЕРТПЕ* Осы стандартты пайдалану кезінде сілтемелік стандарттар мен жіктеуіштердің қолданысын ағымдағы жылдың жағдайы бойынша «Стандарттау жөніндегі нормативтік құжаттар» жыл сайын басылып шығарылатын ақпараттық көрсеткіш және ағымдағы жылда жарияланған ай сайын басылып шығарылатын ақпараттық көрсеткіш бойынша тексерген дұрыс. Егер сілтемелік құжат ауыстырылса (өзгертілсе), онда осы стандартты басып шығару кезінде ауыстырылған (өзгертілген) құжатты басшылыққа алу керек. Егер құжат ауыстырусыз жойылса, оған сілтеме берілген ереже осы сілтемені қозғамайтын бөлікте қолданылады.

### **3 Терминдер және анықтамалар**

3.1 Осы стандартта ГОСТ 7.60, ГОСТ 7.83 стандарттарына сәйкес терминдер қолданылады.

### **4 Жалпы ережелер**

4.1 Шығу мәліметтерінің құрамы, реті және орналасуы басылымның түрлеріне байланысты.

4.2 5-10-бөлімдерде көрсетілген жағдайдан басқа, басылымның әр жерінде орналасқан бірдей мәліметтер арасында айырмашылықтарға жол берілмейді.

4.3 Шығу мәліметтері барлық немесе бірқатар томдар (бөлім, шығарылым, нөмір) үшін бірдей және айырмашылықсыз біркелкі үлгіде көрсетілуге тиіс.

4.4 Белгіленген стандарт бойынша, шығу мәліметтерінің орналасу тәртібін ауыстырмай, баспагер стандартта көрсетілген мәліметтерден басқа, өз еркімен басылым туралы қандай да бір басқа мәлімет беруге құқығы бар.

4.5 Баспагерлердің тапсырысы бойынша мерзімді және жалғаспалы басылымдарға, газет және сериялық электронды басылымдарға, нөмірленген кітап серияларына, сонымен қатар материалдың жинақталуына қарай шығатын жинақтарға, еңбектерге, баяндамаларға

серия басылымдарының халықаралық стандарт нөмірі (ISSN), ГОСТ 7.56 бойынша жеке тәртіппен беріледі.

4.6 Басылымның тағайындалған ISBN, ISMN Халықаралық стандартты нөмірлері тікелей бір-бірімен жақын орналасады. Әрбір жекелеген халықаралық нөмірлердің алдында сәйкесінше (ISMN, ISBN, ISRC, ISAN, ISTC) аббревиатуралары көрсетілуі тиіс.

4.7 Басылымның шығу мәліметтері:

- титул бетте және оның екінші бетінде;
- титул бетпен қатар колданылады (мәтіні бар бірінші беттің жоғары бөлігінде);
- кітап, кітапша, альбом, нота басылымдары, бюллетень және жинақтарда – басылымның бірінші, соңғы беттерінде немесе соңғы жолақта;
- буклет, парақша, газеттер мен күнтізбелерде – бірінші жолақта (немесе бірінші жолақтың жоғары бөлігінде) және соңғы жолақтың төменгі бөлігінде;
- афиша, транспорт қозғалысы кестесі, мәтінді және суретті плакаттар, суретті кескіндемелер мен эстампаларда – беттің жоғары және төменгі бөліктерінде;
- суретті ашықхаттардың, қалташа және өте шағын күнтізбе табельдердің артқы беттерінде.

4.8 Бекітілген тұжырымдамаға сәйкес, Қазақстан Республикасы Ұлттық мемлекеттік Кітап палатасы ұлттық библиография мен баспа статистикасының ғылыми-әдістемелік орталығы ретінде Қазақстан баспа нарығының субъектілеріне баспа басылымдары мен медиа өнімдердің шығу мәліметтерінің тәртібін сақтауға басшылық жасайды және кеңес, тәжірибелік қолдау көрсетеді.

## 5. Кітап басылымдарының шығу мәліметтері

5.1 Кітап басылымдарының шығу мәліметтері (А қосымшасын қарау керек):

- тақырып үстіндегі мәліметтер;
- автордың аты (қосымша авторлар);
- басылымның тақырыбы;
- тақырып астындағы мәліметтер;
- шығу мәліметтері;
- аударылған немесе қайта басылған басылым туралы мәлімет; жіктеу индекстері (ӘОЖ және КБЖ);
- авторлық белгі;
- кітаптың халықаралық стандартты нөмірі (ISBN) және оның штрих коды;
- сериялық басылымдардың халықаралық стандартты нөмірі (ISSN) (қажет болған жағдайда);

- авторлық құқықты қорғау белгісі;
- шығару мәліметтеріне дейінгі мәліметтер;
- шығару мәліметтері.

5.2 Тақырыпқа дейінгі мәліметтерге:

- басылымды шығаруға қатысқан мекеменің аты;
- серияның тақырыбы;
- серияның тақырыбын түсіндіретін мәлімет;
- серияның шығу нөмірі және құрылған жылы;
- астыңғы серия тақырыбы;
- астыңғы серия тақырыбын түсіндіретін мәлімет;
- астыңғы серия тақырыбының құрылған жылы мен шығарылымның нөмірі;
- серия мен астыңғы серияны жасауға қатысқан тұлғалар туралы мәлімет.

5.2.1 Тақырыпқа дейінгі мәліметтер титул беттің жоғары бөлігіндегі контртитулдағы немесе авантитулдағы автордың атының үстіне немесе басылымның тақырыбына дейін немесе басылымның оны алмастыратын элементтерінде (мұқаба, тыстама) орналасады.

5.2.2 Басылымды шығаратын немесе шығаруға қатысқан мекеменің атауы ресми белгіленген формада көрсетіледі.

5.2.3 Серия (астыңғы серия) туралы мәлімет серияның барлық басылымдарында біркелкі формада көрсетіледі (астыңғы серия). Серияның құрылған жылы ретінде осы серияның (астыңғы серияның) бірінші шыққан басылымының жылы көрсетіледі.

Серияны (астыңғы серияны) құруға қатысқан тұлғалардың аты-жөні олардың жұмысының сипаттамасына сәйкес көрсетілуі тиіс, мысалы: «Серияның редакциялық алқасы», «Серияның бас редакторы» және т.б.

Серияны (астыңғы серияны) құруға қатысқан тұлғалар мен оның құрылған жылы туралы мәліметтерді контртитулға немесе титул беттің екінші бетіне жазуға болады.

5.3 Автордың аты-жөні автор немесе баспагер бекіткен формада көрсетеді. Қосымша авторлардың аты-жөндерін өздері қабылдаған ретпен көрсетеді.

Автордың аты-жөнін (екі, үш қосымша автор) басылымның титул бетіндегі тақырыпқа дейін немесе оны алмастыра алатын элементтерде көрсетеді.

Егер автор төрт немесе одан да көп болған жағдайда, оларды титул беттің екінші жағында көрсетеді. Титул беттің екінші жағындағы қосымша авторлардың аты-жөндерінің алдына «Авторлар», «Авторлық ұжым» және т.б. деген сөздерді көрсетеді.

5.3.1 Автордың/қосымша авторлардың толық аты-жөнін (тегі, аты, әкесінің аты) тақырыптың алдында шығару мәліметтеріне дейінгі деректерде

көрсетеді. Автордың тегін полиграфиялық құралдармен айрықша белгілеп көрсетеді.

Басылымның қосымша авторлары төрт немесе одан да көп болған жағдайда, алғашқы үш автордың толық аты-жөні жазылып, қалғаны «және т.б.» деген қосымша сөзбен көрсетіледі.

Шығару мәліметтеріне дейінгі мәліметтерде лақап атпен шыққан автордың қазіргі толық аты-жөні көрсетілуі тиіс.

5.4 Басылымның аты автор немесе баспагер белгілеген нұсқада көрсетіледі.

«Каталог», «Бюллетень», «Хабаршы», «Ғылыми еңбектер», «Ғалымдардың жазбалары» және тағы басқа сөздерден тұратын тақырыпқа басылымның шығуына жауапты мекеменің атын міндетті түрде ілік септігінде көрсетеді.

5.5 Кітап басылымдарындағы тақырыптан кейінгі мәліметтерге:

- түсіндірме тақырып;
- басылымның түрі, шығарманың жанры, қандай оқырманға арналғаны мен белгіленген мақсаты туралы;
- басылымның оқулық, оқу құралы немесе ресми басылым ретінде бекітілгені туралы;
- шығарманың аударылған мәтінінің тілі және аудармашының аты-жөні туралы;
- басылымды шығаруға қатысқан құрастырушы, жауапты (ғылыми) редактор, алғы сөздің авторы, түсініктеме, аудармашы, көркемдеуші, басқа да тұлғалар туралы мәліметтер;
- редакциялық алқаның құрамы туралы мәліметтер;
- негізгі басылым туралы жеке шыққан қосымша;
- басылымның қайталануы туралы (қайта басылып шыққан басылым);
- басылым мәтінінің өзгергені туралы мәлімет (толықтырылған, қайта басылған, қайта қаралған, кеңейтілген, ерекшеленген);
- басылымның өзгеше ерекшеліктері туралы (репринттік, факсимильдік, бейімділігі).

5.5.1 Тақырыптан кейінгі мәліметтерін титул беттегі тақырыптан немесе оны алмастыра алатын элементтерден кейін көрсетеді.

Басылымның қандай оқырманға арналғандығы туралы, оқулық, оқу құралы немесе ресми басылым ретінде бекітілгені туралы, аудармашы, құрастырушы, жауапты (ғылыми) редакторы, көркемдеуші және басылымның шығуына қатысқан басқа да тұлғалар туралы мәліметтерді титулдың екінші бетіне немесе контртитулға ауыстыруға болады.

5.5.2 Басылымды шығаруға қатысқан тұлғалардың (құрастырушы, аудармашы, көркемдеуші, редакциялық алқа мүшелері, кіріспе авторы, ғылыми редактор және т.б.) аты-жөнін олардың жасаған жұмыстарына қарай көрсетеді.

5.5.3 Құрастырушының толық аты-жөнін (тегі, аты, әкесінің аты) тақырыптан кейінгі шығу мәліметтеріне дейін көрсетеді. Құрастырушының тегін полиграфиялық құралдармен ерекшелеп көрсетеді.

Төрт немесе бірнеше құрастырушылармен дайындалған басылымдарда, алғашқы үш құрастырушының толық аты-жөнін көсетіп, қалғанын «және т.б.» деген сөздермен көрсетеді.

Шығару мәліметтеріне дейінгі мәліметтерде лақап атпен шыққан құрастырушының қазіргі толық аты-жөнін көрсетеді.

5.5.4 Қайта басыламның реттік нөмірін араб цифрларымен көрсетеді.

5.6 Кітап басылымдарының шығу мәліметтері:

- басылымның шыққан орны (атау септігінде);
- баспаның аты;
- басылымның шыққан жылы.

Басылымның шығу мәліметтерін титул беттің төменгі бөлігінде немесе оны алмастыра алатын элементтерінде көрсетеді.

5.6.1 Баспаның аты барлық басылымда біркелкі формада көрсетіледі.

Баспаның жеке бөлімдерінен немесе филиалдарынан шыққан басылымдарда баспаның, бөлімнің немесе филиалдың атын біркелкі формада көрсетеді.

Екі немесе бірнеше баспаның қатысуымен шыққан басылымдарда, әр баспаның атын және орналасқан жерін біркелкі формада көрсетеді.

5.6.2 Басылымның шыққан жылын «жыл» немесе қысқартылған «ж.» деген сөзсіз тек қана араб цифрларымен көрсетеді.

5.7 Аударма жасалған басылым туралы мәліметті контртитулға немесе түпнұсқасының титул бетінде орналасқан екінші титул беттің мәліметінде көрсетеді.

5.8 Басылымның қайта басылғаны туралы мәліметті және қай басылымнан қайта басылғаны туралы мәліметті екінші титул бетте көрсетеді.

Қайта басылған басылым туралы мәліметті 7.1 ГОСТ, 7.80 ГОСТ бойынша библиографиялық жазбамен көрсетеді.

5.9 Жіктеу индекстеріне мыналар жатады:

- Әмбебап ондық жіктеу (ӘОЖ) индексі;
- Кітапханалық-библиографиялық жіктеу (КБЖ) индексі.

Жіктеу индекстерін ӘОЖ, КБЖ аббревиатураларымен бірге титул беттің жоғары сол жақ бұрышына немесе оны алмастыратын басылымның элементтерінде (екінші, үшінші немесе төртінші мұқаба бетіне, соңғы титул бетіне) көрсетеді, егер басылымның көркемдік рәсімделуінде титул немесе екінші титул бетте шығару мәліметтері қарастырылмаса, онда ол бет мұқаба бет болып есептеледі.

5.10 Авторлық белгі Л.Б.Хавкинаның «Авторлық белгілер кестесі» бойынша анықталады. Авторлық белгіні бірінші КБЖ сандық индексінен кейін орналастырады.

5.11 ҚР СТ 994 -2012 бойынша ISBN екінші титул беттің төменгі сол жақ бұрышында немесе оны алмастыратын басылымның элементтерінде көрсетіледі.

5.12 Авторлық құқықты қорғау белгісі екінші титул беттің төменгі оң жақ бұрышында немесе оны алмастыратын басылымның элементтерінде көрсетіледі.

5.13 *Кітап басылымдарының шығару және шығу мәліметтері соңғы титул парақта, яғни басылымның негізгі мәтінінің немесе «Мазмұны» (кітаптың «Мазмұны») бөлімінен кейінгі, жарнамаға, ескертпеге, жаднама және жазуға арналған беттерге т.б. дейін көрсетіледі. Титулды парақтың екінші бетінде шығару мәліметтеріне дейінгі мәліметтер мен шығару мәліметтерін көрсетеді (ISBN нөмірі мен авторлық құқықты қорғау белгісіне дейін), титул беті болмаған жағдайда мұқабаның екінші, үшінші немесе төртінші беттерінде көрсетуге болады.*

Кітап басылымының шығару мәліметтері (А Қосымшаны қарау керек):

- басылымның мақсаты бойынша;
- серияның тақырыбы;
- серияның шығу нөмірі;
- автордың толық аты-жөні (қосымша авторлар) 5.3.1 бойынша;
- басылымның тақырыбы;
- тақырыптан кейінгі мәліметтер;
- құрастырушының толық аты-жөні (қосымша құрастырушылар) 5.5.3

бойынша;

Шығару мәліметтеріне дейінгі мәліметтер басылымның шығару мәліметтерінің алдында көрсетіледі.

5.13.1 Басылымның мақсаты бойынша түрін ГОСТ 7.60 бойынша анықтайды.

- ресми басылым;
- ғылыми басылым;
- ғылыми-көпшілік басылым;
- көркем-әдеби басылым;
- өндірістік-тәжірибелік басылым;
- нормативті өндірістік-тәжірибелік басылым;
- оқулықтар;
- саяси-бұқаралық басылым;
- рухани-ағартушылық басылым;
- анықтамалық басылым;
- ақпараттық басылым;
- жарнамалық басылым;
- бос уақытқа арналған басылым.

Басылымның түрі туралы мәліметті басылым тақырыбының алдында немесе автор (қосымша автордың) аты-жөнінің алдында көрсетеді.

## ҚР СТ 2383-2013

5.13.2 Басылымның тақырыбын шығару мәліметтеріне дейін титул бетте немесе оны алмастыратын басылымның элементтеріндегі формада көрсетеді.

5.14 Кітап басылымдарының шығару мәліметтері (А Қосымшаны карау керек):

- басуға қол қойылған күні;
- қағаздың пішімі мен беттің үлесі;
- басылым көлемінің шартты баспа табағы;
- баспахана кәсіпорнының тапсырыс нөмірі және оның мекен-жайы;
- баспаның заңды атауы мен оның мекен-жайы.

Шығару мәліметтерін соңғы титул бетте немесе оны алмастыратын басылымның элементтерінде көрсетеді.

5.14.1 Таралымды араб цифларымен белгілеп, сонынан «дана» деген сөзді көрсетеді.

Басылым қосымша таралыммен шықса «таралым» деген сөздің алдына «Қосымша» деген сөзді көрсетеді. Алдыңғы таралым туралы мәліметті көрсетпейді.

5.15 Басылымның қосымша мәліметтері:

- аннотация (ГОСТ 7.86 бойынша) реферат (ГОСТ 7.9 бойынша);
- аннотациялық карточкалар үлгісі.

Аннотациялық карточкалар макетінің библиографиялық жазбалалары ГОСТ 7.1, ГОСТ 7.80 бойынша құрастырылады.

5.16 Репринттік және факсимильдік басылымдарда ең алдымен жаңа шыққан басылымның титул бетін, әрі қарай түпнұсқа басылымның титул бетін көрсетеді. Қайта басылған басылымның тақырыптан кейінгі мәліметтерінен кейін «Репринттік басылым» және «Факсимильдік басылым» сөздері көрсетіледі.

5.17 Басылымның мәтіні әр түрлі тілде шыққан болса, авторларды (қосымша авторларды) және кітаптың тақырыбын сол шыққан барлық тілде титул бетте көрсетеді. Қалған шығу мәліметтері басылым мәтінінің бір тілінде ғана көрсетіледі.

5.18 Жеке басылып шыққан қосымшаның меншікті шығу мәліметтері болуы тиіс.

Қосымшасы бар баспа басылымның (басылымға немесе оның электронды тасымалдаушыдағы және басылыммен біртұтасты құрайтын электронды нұсқасына қосымша ақпарат ретінде) шығу мәліметі баспа басылымының этикеткасында немесе қосымшаның титул экранында көрсетілуі тиіс.

Негізгі басылымда жеке шыққан қосымша туралы мәліметті шығару мәліметтеріне дейін көрсетеді.

5.19 Көп томдық басылымдардың авторлары бірдей болса, автордың аты-жөнін жалпы тақырыптың алдында көрсетеді. Егер әр томның авторы әр

түрлі болса, олардың аты-жөндерін белгіленген жерге және том нөмірінің астына көрсетеді (А Қосымшаны карау керек).

Көптомдық басылымның немесе жеке том авторының толық аты-жөнін 5.3.1 бойынша шығару мәліметтеріне дейін көрсетеді.

5.19.1 Көптомдық басылымның жалпы тақырыбын біркелкі формада барлық томда көрсетеді.

Егер көптомдық басылымның барлық томдарының авторы біреу болса, жеке томның тақырыбы мен томның нөмірін белгіленген титул бетте көрсетеді. Егер томдардың авторлары әр түрлі болса, томның тақырыбын том авторының аты-жөнінен кейін көрсетеді.

5.19.2 Барлық көптомдық басылымдарға катысты тақырыптан кейінгі мәліметтерді, басылымның есептелген томның саны туралы мәліметті, көп томдық басылымның жалпы тақырыбынан кейін көрсетеді. Жеке томға катысты тақырыптан кейінгі мәліметтерді томның тақырыбынан кейін көрсетеді.

Көптомдық басылымның редакция алкасы туралы мәліметті жалпы тақырыптан кейін көрсетеді.

Жеке томның редакция алкасы туралы мәліметті жеке томның тақырыбынан кейін көрсетеді.

Көптомдық және жеке томдық басылымның редакция алкасы туралы мәліметті екінші титул бетке орналастыруға да болады.

5.19.3 Көптомды басылымдарды шығару туралы ақпаратты екінші томнан бастап және келесі томдарының екінші титул бетінде немесе оны алмастыратын элементтерінде көрсетеді.

5.20 Шетел тілінде шығатын басылымның шығару мәліметтерінен кейін казак немесе мәтіннің негізгі тіліне қарай орыс тілдерінде көрсетеді. Сонымен бірге, басылымды шығаруға қатысқан авторлар мен баска да тұлғалардың аты-жөндерін, баспа мен мекеменің атауын, жеке тұлға болып табылатын баспагерлердің атын транслитерация формасында көрсетеді. Шығару мәліметтерін казак немесе орыс тілдерінде көрсетеді.

5.21 Мұқаба және тысының шығу мәліметтері ГОСТ 7.84. бойынша көрсетіледі.

## **6 Ноталық басылымдардың шығу мәліметтері**

6.1 Ноталық басылымдардың шығу мәліметтері:

- тақырыпқа дейінгі мәліметтер;
- автордың аты-жөні (композитордың);
- басылымның тақырыбы;
- тақырыптан кейінгі мәліметтер;
- шығу мәліметтері;
- Музыкалық шығарманың халықаралық стандартты нөмірі (ISMN)

және оның штрих коды;

– Халықаралық стандартты ISSN сериялық нөмірі және *Халықаралық стандартты ISBN кітап нөмірі* жекелеген жағдайларда;

- авторлық құқықты қорғау белгісі;
- шығару мәліметтеріне дейінгі мәліметтер;
- шығару мәліметтері.

6.2 Ноталық басылымдардың тақырыпқа дейінгі мәліметтері:

- басылымды шығаруға қатысқан мекеменің аты;
- басылымды шығаруға қатысқан тұлғалар туралы мәлімет.

6.3 Автордың (композитордың) аты-жөнін автор немесе баспагер бекіткен формада көрсетеді. Қосымша автордың аты-жөндерін өздерінің қабылдаған ретімен көрсетеді.

Автор-композитордың аты-жөнін (екі, үш қосымша автор) басылымның титул бетіндегі тақырыпқа дейін немесе оны алмастыра алатын элементтерге дейін көрсетеді.

6.3.1 Автордың толық аты-жөнін (тегі, аты, әкесінің аты) тақырыптың алдында шығару мәліметтеріне дейінгі деректерде көрсетеді.

Басылымның қосымша авторлары төрт немесе одан да көп болған жағдайда, алғашқы үш автордың толық аты-жөні жазылып, қалғаны «және т.б.» деген қосымша сөзбен көрсетіледі.

6.3.2 Шығару мәліметтерінде басылымның тақырыбын титулды парактың немесе оны алмастыратын басылымның элементтерінде көрсетеді.

6.3.3 Құрастырушының толық аты-жөнін (тегі, аты, әкесінің аты) тақырыптан кейінгі шығару мәліметтеріне дейін көрсетеді.

Төрт немесе бірнеше құрастырушылармен дайындалған басылымдарда, алғашқы үш құрастырушының толық аты-жөнін, қалғанын «және т.б.» деген сөзбен көрсетеді.

6.4 Ноталық басылымдардың тақырыбы автормен немесе баспагермен бекіткен формада титул бетте немесе оны алмастыратын басылымның элементтерінде көрсетіледі.

6.5 Ноталық басылымдардың тақырыптан кейінгі мәліметтері:

– басылымды шығаруға қатысқан құрастырушы, жауапты редактор, өңдеу, бейімдеу авторы мен басқа да тұлғалар туралы мәліметтер;

– басылымның қайталануы (толықтырылған, қайта басылған, қайта каралған, кеңейтілген, ерекшеленген) туралы;

– басылымның ерекшелігі (репринттік, факсимильдік, бейімділігі) туралы;

– әдеби инципиті туралы (әдеби мәтіннің алғашқы сөзі);

– музыкалық жанр, музыкалық форма, музыканың түрі мен үндестігі туралы;

– орындау құралы туралы (аспап, ансамбль, оркестр, дауыс және т.б.);

– шығарманың топтастырылуы мен нөмірі;

– тақырыптық көрсеткіштің нөмірі туралы;

– басылымға кірген актының, қозғалыстың, көрініс және шығарма бөлімдерінің саны туралы;

- авторлық жұмыстың мінездемесі немесе жаңа нұсқасы, түрі туралы;
- әдеби мәтіннің, сюжеттің, либреттоның авторы туралы;
- басылымға арналған мамандандырылған музыка мекемесінің сыныбы немесе курсы туралы;
- ноталық мәтінді (партитура, партия, дирекцион, клавиір және т.б.) мазмұндау формасы туралы.

6.5.1 Музыкалық шығармалардың жеке басылған үзінділерінің тақырыптан кейінгі мәліметтері сахналық шығарманың, кино немесе бейнефильмнің, радио-немесе телеқойылымның көп бөлімді музыкалық шығарманың немесе вокалды, жеке атауы бар вокалды-аспапты циклдың атымен аталады; Опера үзінділері басылымындағы тақырыптан кейінгі мәліметтерге арияның алғашқы сөздері алынады.

6.6 Ноталық басылымдарының шығу мәліметтеріне:

- басылымның шыққан орны;
- баспаның атауы;
- басылымның шыққан жылы.

Шығу мәліметтерін соңғы титул беттің төменгі бөлігінде немесе оны алмастыратын басылымның элементтерінде көрсетеді.

Парақтық ноталық басылымдарының шығу мәліметтерін сол беттің төменгі жақ бөлігінде немесе екінші жақ бөлігінде орналастырады.

6.7 Авторлық құқықты қорғау белгісі екінші титул беттің төменгі оң жақ бұрышында немесе оны алмастыратын басылымның элементтерінде көрсетіледі.

Парақтық нота басылымдарында авторлық құқықты қорғау белгісі беттің оң төменгі жақ бөлігінде немесе беттің екінші жағында орналастырады.

6.8 ISMN және оның штрихты коды *ҚР СТ 2202 бойынша*, ISBN *ҚР СТ 994* бойынша көрсетеді.

6.9 ISSN нөмірін ГОСТ 7.56 бойынша көрсетеді.

6.10 Ноталық басылымдардың шығу мәліметтеріне дейінгі мәліметтері:

- серияның тақырыбы;
- серияны шығару нөмірі;
- автордың (қосымша автордың) толық аты-жөні;
- басылымның тақырыбы;
- тақырыптан кейінгі мәліметтер;
- құрастырушының (құрастырушылардың) толық аты-жөні.

Шығару мәліметтеріне дейінгі мәліметтерді басылымның шығару мәліметтерінің алдында көрсетеді.

6.11 Ноталық басылымдардың шығару мәліметтері:

- басуға қол қойылған күні;
- қағаздың формасы мен беттің үлесі;
- басылым көлемінің шартты баспа табағы;
- басылым көлемінің есептік баспа табағы;

## ҚР СТ 2383-2013

- таралымы;
- баспахана кәсіпорнының тапсырыс нөмірі және оның заңды мекен-жайы;
- баспагердің заңды атауы (бар болған жағдайда) мен оның мекен-жайы.

Шығару мәліметтерін соңғы титул бетте немесе оны алмастыратын басылымның элементтерінде көрсетеді.

Егер шығару мәліметтерін екінші титул бетте көрсетсе онда оларды ISMN және авторлық құқықты қорғау белгісінен кейін көрсетеді.

Парактық ноталық басылымдарда баспаның аты мен оның заңды мекен-жайы беттің немесе екінші парактың оң жақ төменгі бөлігінде орналасады.

### **7 Мерзімді және жалғаспалы басылымдардың шығу мәліметтері (газеттен басқа)**

7.1 Мерзімді және жалғаспалы басылымдардың шығу мәліметтері (А қосымшасын қарау керек):

- Сериялық басылымдардың халықаралық стандартты нөмірі (ISSN) және оның штрих коды;
- тақырыпқа дейінгі мәліметтер;
- басылымның тақырыбы, шығарылымның жеке тақырыбы;
- тақырыптан кейінгі мәліметтер;
- редактор, редакция алқасы, құрастырушылар және т.б. тұлғалар туралы мәліметтер;
- шығу мәліметтері;
- авторлық құқықты қорғау белгісі;
- шығару мәліметтері.

7.2 ISSN-ді ГОСТ 7.56 бойынша көрсетеді.

7.3 Мерзімді және жалғаспалы басылымдардың тақырыпқа дейінгі мәліметтері:

- басылымды шығаруға қатысқан мекеменің аты, серияның (астынғы серия) тақырыбы, серияның тақырыбын түсіндіретін мәлімет;
- серияның (астынғы серия) шығу нөмірі және құрылған жылы;
- серияны (астынғы серия) құруға қатысқан тұлғалар туралы мәлімет.

Тақырыпқа дейінгі мәліметтерді титул беттегі тақырыпқа дейін немесе оны алмастыра алатын басылымның элементтерінде орналастырады.

7.3.1 Басылымның шығаруға қатысқан немесе соның атынан шығатын мекеменің атауын ресми бекітілген түрінде көрсетеді.

7.3.2 Серия туралы мәлімет серияның барлық басылымдарында бірдей формада көрсетіледі. Серияның құрылған жылы ретінде осы серияның бірінші шыққан жылы көрсетіледі.

Серияны құруға қатысқан тұлғалардың аты-жөні олардың жұмысының мінездемесіне сәйкес көрсетілуі тиіс, мысалы: «Серияның редакциялық алқасы», «Серияның бас редакторы» және т.б.

Серияны құруға қатысқан тұлғалар мен құрылған жылы туралы мәліметтерді контртитулға немесе екінші титул бетке жазуға болады.

7.4 Жалғаспалы басылымдардың тақырыбын автордың немесе меншік иесінің орнатуы бойынша көрсетеді.

Шығарылымның (нөмірдің) жеке атауын ағымдағы (жалпы реттік) нөмірден кейін көрсетеді.

Аударылған басылымның атауын сол аударылған тілінде де көрсетеді.

7.5 Мерзімді және жалғаспалы басылымдардың тақырыптан кейінгі мәліметтері:

- түсіндірмелі тақырып;
- басылымды шығаруға қатысқан редакциялық алқаның құрамы, құрастырушы, жауапты (ғылыми) редактор, алғы сөздің авторы, түсініктеме, аудармашы, басқа да тұлғалар туралы мәліметтер;
- басылымның түрі туралы (ГОСТ 7.60 бойынша);
- басылымның тақырыбы, мақсаты мен қандай оқырманға арналғаны туралы;
- құрылтайшысы туралы;
- мерзімі туралы (мерзімді басылымдар үшін);
- басылымның құрылған күні туралы;
- басылымның ағымдағы және жалпы реттік нөмірі туралы;
- шығарудың ерекшелігі туралы;
- негізгі басылым туралы (жеке шыққан қосымшалар үшін).

7.5.1 Басылымның құрылған күніне нөмірленген басылымның бірінші шыққан нөмірінің (шығару) айы мен жылы жатады. Басылымның құрылған жылының орнына оның реттік жылын көрсетпейді.

7.5.2 Мерзімді басылымның нөмірін жыл сайын бірінші нөмірден бастайды (ағымдағы нөмір).

Мерзімді басылымдардың ағымдағы нөмірімен қатар айында (айларында) көрсетеді.

Мерзімді басылымдардың жалпы реттік нөмірін ағымдағы нөмірден кейін жақшаға алып көрсетеді.

Жалғаспалы басылымдарда жалпы реттік нөмірді ғана көрсетеді.

Басылымның ағымдағы және жалпы реттік нөмірін титул бетте немесе оны алмастыратын басылымның элементтерінде, сонымен қатар ГОСТ 7.84 мұқабаның бірінші бетінде және тысының бірінші бетінде көрсетіледі.

Ағымдағы және жалпы реттік нөмірде басылымның қай жылы шыққандығына қарамастан шыққан жылына қатысты жылды көрсетеді.

Нөмірдің реттілігі бұзылған жағдайда, ол туралы ақпарат келесі шыққан газетте жарияланады.

## **ҚР СТ 2383-2013**

7.5.3 Бас редактордың аты-жөнін, редакциялық алқаның құрамын титул бетте немесе оны алмастыратын басылымның элементтерінде көрсетеді.

7.6 Мерзімді және жалғаспалы басылымдардың шығу мәліметтері:

- басылымның шыққан орны;
- баспаның атауы;
- басылымның шыққан жылы.

7.7 Мерзімді және жалғаспалы басылымдарда авторлық құқықты қорғау белгісін титул бетте, екінші титул беттің төменгі оң жақ бұрышында немесе оны алмастыратын басылымның элементтерінде көрсетеді.

7.8 Мерзімді және жалғаспалы басылымдардың шығару мәліметтері:

- таралымы;
- полиграфиялық кәсіпорынның атауы мен мекен-жайы, тапсырыс нөмірі;
- бұқаралық ақпарат құралының тіркеу куәлігінің нөмірі;
- басылымның шығуына қатысқан басылымның құрылтайшысы немесе мекеменің заңды атауы мен мекен-жайы немесе басылым редакциясының заңды мекен-жайы.

7.9 ISSN нөмірі мерзімді және жалғаспалы басылымның бірінші бетінің жоғарғы оң жақ бұрышында, ал оның штрих коды мұқабаның төртінші бетінің төменгі бөлігінде орналасады.

7.10 Басылымдағы өзгерістер туралы мәліметтерді (атының өзгеруі, тақырыптан кейінгі мәліметтері, құрылған жылы, нөмірі, басылымның шыққан орнының өзгеруі және т.б.) соңғы және алғаш өзгертілген басылымдардағы титулдың екінші бетінде немесе оны алмастыратын элементте көрсетеді.

7.11 Мерзімді және жалғаспалы басылымдардың қосымшалары жеке нөмірлерге ие. Басылымның нақты қосымша екені туралы мәліметті титул бетте немесе оны алмастыратын элементтерінде көрсетеді.

Негізгі басылымда жеке шыққан қосымша туралы мәліметті шығару мәліметтеріне дейін көрсетеді.

7.12 Егер басылым қатарынан бірнеше тілде шығатын болса, ол туралы ақпаратты қазақ немесе орыс тілдерінде аударылған тақырыппен бірге шығару мәліметтеріне дейінгі мәліметтерде көрсетеді.

7.13 Шет тілінде шыққан басылымдардың шығару мәліметтерінің алдында негізгі мәтіннің тілін көрсетіп және қазақ немесе орыс тілдерінде: тақырыпқа дейінгі мәліметтер, тақырыптан кейінгі мәліметтерді аударып көрсетеді. Басылымның тақырыбын, баспа мен мекеменің атауын, жеке тұлға болып табылатын баспагерлердің аты-жөндерін транслитерация күйінде көрсетеді.

## **8 Газеттің шығу мәліметтері**

8.1 Газеттің шығу мәліметтері (А қосымшасын қарау керек):

- тақырыбы;
- тақырыптан кейінгі мәліметтер;
- редактор мен редакторлар алқасы туралы мәліметтер;
- авторлық құқықты қорғау белгісі;
- Сериялық басылымдардың халықаралық стандартты ISSN нөмірі және оның штрих коды;
- шығару мәліметтері.

8.2 Газеттің атауын басылымға жауапты мекеменің немесе меншік иесінің орнатуы бойынша көрсетеді.

Газет нөмірінің жеке атауы шығарылымның ағымдағы (жалпы реттік) нөмірінен кейін көрсетіледі.

8.3 Газеттің тақырыпқа дейінгі мәліметтері:

- басылымға жауапты құрылтайшы мен мекеме туралы;
- газеттің белгіленген мақсаты, тақырыбы мен қандай оқырманға арналғаны туралы;
- шығарылымның мерзімділігі туралы;
- газеттің құрылған мерзімі туралы;
- жарыққа шыққан мерзімі туралы;
- басылымның нөмірі туралы;
- басқа тілде шыққан қосарлы басылымдар мен қосымшалар туралы.

Газеттің тақырыптан кейінгі мәліметтерін бірінші бетке орналастырады. Шығаруға жауапты құрылтайшы немесе мекеме туралы мәліметті соңғы бетке көшіруге болады.

Ауысымды жолақтар болғанда және газеттің немесе оның жекелеген сандары әр түрлі шығарылымда басылғанда тақырыптан кейінгі мәліметтерде шығарылымның ерекшелігін атап көрсетеді (кешкі, қалалық, облыстық, аудандық, арнаулы, мерекелік, мерейтойлық, белгілі бір оқырмандар санатына арналған және т.б.).

8.3.1 Газеттің құрылған мерзіміне (күні, айы, жылы) газеттің алғашқы нөмірінің шыққан жылы мен айы жатады. Газеттің құрылған мерзімінің орнына реттік жылын көрсетпейді.

8.3.2 Ағымдағы нөмірімен бірге газеттің шыққан айын (айларын) көрсетеді. Егер нөмірдің реттілігі бұзылған жағдайда, ол туралы ақпаратты келесі өзгертілген газет шығарылымының бірінші нөмірінде жариялайды.

Газеттің нөмірін бірінші бетінің жоғары жағында араб цифрларымен көрсетеді. Ағымдағы нөмірден кейін (жылдың басынан) жақшаға келесі жалпы реттік нөмірді көрсетеді.

8.3.3 Нөмірдің шыққан күнін (апта, күні, айдың аты мен жылы) газеттің бірінші бетінде көрсетеді.

8.4 Газеттің редакторы мен редакция алқасы туралы мәліметті соңғы беттің төменгі бөлігіндегі шығару мәліметтеріне дейінгі мәліметтерде көрсетеді.

## ҚР СТ 2383-2013

8.5 Авторлық құқықты қорғау белгісін газеттің соңғы бетінің төменгі бөлігінде көрсетеді.

8.6 ISSN нөмірін газеттің бірінші немесе соңғы бетінде көрсетеді.

8.7 Газеттің шығару мәліметтері:

- бұқаралық ақпарат құралының тіркеу куәлігінің нөмірі;
- басылымның шығуына қатысқан құрылтайшы мен мекеменің заңды атауы, мекен-жайы немесе басылым редакциясының заңды мекен-жайы;
- таралымы;
- басылымның А2 пішімдегі (420x595мм) газеттің екі жолағына теңестірілген баспа табакпен есептелген көлемі туралы;
- полиграфиялық кәсіпорынның тапсырыс нөмірі;
- полиграфиялық кәсіпорынның заңды атауы мен мекен-жайы.

Газеттің шығару мәліметтерін соңғы беттің төменгі бөлігінде көрсетеді.

8.8 Газеттің өзгергені туралы мәліметтерді (атының өзгеруі, тақырыптан кейінгі мәліметтерінің, құрылған жылының, нөмірінің, басылымның шыққан орнының өзгеруі және т.б.) шығарылымның бірінші жолағында немесе соңғы беттің төменгі жолағында көрсетеді.

8.9 Мерзімді және жалғаспалы басылымдардың қосымшалары жеке нөмірлерге ие. Басылымның нақты қосымша екені туралы мәліметті газеттің бірінші бетінде көрсетеді.

Газет қосымшасының («газет ішіндегі газет») шығару мәліметтерін 8.1-8.8 бойынша рәсімдейді. Қосымшаның тақырыптан кейінгі мәліметтерінде шыққан басылым туралы мәліметтер беріледі.

8.10 Егер басылым қатарынан бірнеше тілде шығатын болса, ол туралы ақпарат пен бірге қазақ немесе орыс тілдерінде аударылған тақырыпты шығару мәліметтеріне дейінгі мәліметтерде көрсетеді.

8.12 Шет тілде шығатын газеттің соңғы бетінің астыңғы жағына негізгі мәтіннің тілі көрсетіледі және қазақ, орыс тілдерінде: тақырыптан кейінгі мәліметтер, жеке шығарылған қосымшада негізгі басылым туралы мәліметтер, құрылтайшының, баспагердің аты, редакция (құрылтайшы) мекен-жайы, сондай-ақ негізгі мәтіннің тілі туралы мәлімет: газеттің аты, баспалардың, мекемелердің атаулары, заңды тұлға саналатын құрылтайшылар мен баспагерлердің аты-жөні транслитерация формасында көрсетіледі.

**9 Парақтық басылымдардың шығу мәліметтері (бейнелі ашық хаттардан басқа)**

9.1 Мәтінді парактақ басылымдар мен бейнелі парактық басылымдардың шығу мәліметтері:

- тақырыпқа дейінгі мәліметтер;
- автордың аты-жөні;
- басылымның тақырыбы;
- тақырыптан кейінгі мәліметтер;

- шығу мәліметтері;
- авторлық құқықты қорғау белгісі;
- шығару мәліметтері;
- *ISBN және оның штрих коды.*

Шығарылым мәліметтерін парактың бірінші бетінде немесе бір бөлігін екінші бетінде көрсетуге болады.

9.2 Парактық басылымдардың тақырыптан кейінгі мәліметтеріне басылымның шығуына қатысқан мекеменің атауы жатады.

9.3 Автордың аты-жөні беттің сол жақ төменгі бөлігінде автордың немесе баспаның бекіткен формасында көрсетіледі.

9.4 Мәтінді парактық басылымдардың тақырыбын мәтінге дейін автордың немесе баспагердің орнатқан формасында көрсетеді.

Бейнелі парактық басылымдардың тақырыбын беттің төменгі сол жақ бөлігінде көрсетеді.

Көркем өнер шығармасының көшірмесі болып табылатын бейнелі парактық басылымдардың тақырыбы, сол өнер шығармасы авторының тақырыбынан немесе шығармаға тарихи тіркелген тақырыбынан тұрады. Тақырып өнер шығармасының жасалған мерзімі мен сақталып тұрған жері туралы ақпараттармен толықтырылады.

9.5 Мәтінді парактық басылымдардың тақырыптан кейінгі мәліметтерін тақырыптан кейін беттің жоғары бөлігінде орналастырады.

Бейнелі беттік басылымдардың тақырыптан кейінгі мәліметтерін беттің төменгі сол жақ бөлігінде орналастырады.

Көркемдік көшірме мен эстамптардың тақырыптан кейінгі мәліметтерінде – көркем шығарманың түрі, уақыты мен көркем шығарманың шыққан орны, сақтаулы тұрған орны мен түп нұсқаның орны және автор мен шығарма туралы мәліметтер көрсетіледі.

9.6 Паракты басылымдардың шығу мәліметтерін беттің орталық төменгі бөлігінде орналастырады:

- басылымның шыққан орны;
- баспаның атауы;
- басылымның шыққан жылы.

Бейнелі паракты басылымдар баспасының атауы мен шыққан жылы авторлық құқықты қорғау белгісінде көрсетілген мәліметтерге сәйкес келсе, оны қайталап көрсетпеуге болады.

9.7 Авторлық құқықты қорғау белгісін беттің төменгі оң жақ бөлігінде орналастырады.

9.8 Паракты басылымдардың шығару мәліметтерін беттің төменгі оң жақ бөлігінде орналастырады:

- таралымы;
- полиграфиялық кәсіпорынның заңды мекен-жайы мен тапсырыс нөмірі;

– баспаның заңды атауы, тапсырыс беруші және оның заңды мекен-жайы.

Сонымен қатар, көркем көшірменің шығу мәліметтерінде баспаның түрін көрсетеді.

9.9 Парақты басылымдардың штрих кодын беттің төменгі бөлігінде орналастырады.

9.10 Шет тілінде шыққан парақты басылымдар бетінің төменгі бөлігінде негізгі мәтіннің тілін және қазақ немесе орыс тілдерінде тақырыпқа дейінгі мәліметтер, тақырып, тақырыптан кейінгі мәліметтер, басылымның орнын көрсетеді. Басылымның шығуына қатысқан тұлғалар мен авторлардың аты-жөндерін, баспа мен мекеменің атауын, жеке тұлға болып табылатын баспагерлердің аты-жөндерін транслитерация формасында көрсетеді.

9.11 Парақты комплектілі басылымдардың шығу мәліметтері:

- тақырыпқа дейінгі мәліметтер;
- автордың аты-жөні;
- тақырыбы;
- тақырыптан кейінгі мәліметтер;
- шығу мәліметтері;
- авторлық құқықты қорғау белгісі;

– шығу мәліметтері: таралымы, полиграфиялық кәсіпорынның тапсырыс нөмірі мен оның мекен-жайы, баспаның заңды атауы мен оның мекен-жайы.

9.11.1 Парақты комплектілі басылымдардың шығу мәліметтерін мұқаба клапынының бір жағына (папка, футляр, бандероль) немесе тыстамаға, қаптамаға орналастырады.

9.11.2 Комплектіге жататын жеке парақты басылымдардың шығу мәліметтерін олардың түріне сәйкес көрсетеді (9,10 бөлімдерге қарау керек).

## **10 Бейнелі ашық хаттардың шығу мәліметтері**

10.1 Бейнелі ашық хаттардың шығу мәліметтері:

- автордың аты-жөні (суретшісі немесе фотографы);
- тақырыбы;
- авторлық құқықты қорғау белгісі;

– шығу мәліметтері: шыққан орны, баспаның атауы мен шыққан жылы;

– шығару мәліметтері: тапсырыс нөмірі, полиграфиялық кәсіпорынның заңды атауы мен мекен-жайы, таралымы, авторлық құқықты қорғау белгісі, бейнелі ашық хаттың екінші бетіндегі штрих коды.

10.2 Көркем шығарманың көшірмесі болып табылатын бейнелі ашық хаттардың тақырыбын автордың немесе баспагердің орнатқан атауымен көрсетеді.

10.3 Бейнелі ашық хаттардың шығу мәліметтері екінші бетінде орналасады. Бейнелі ашық хат авторының аты-жөні мен тақырыбын бірінші бетте көрсетуге болады.

## 11 Картографиялық басылымдардың шығу мәліметтері

11.1 *Кітап (атлас, карта жинақтары) және буклет түрінде шыққан картографиялық басылымдардың шығу мәліметтері кітап басылымдарының шығу мәліметтерімен ұқсас болып келеді.*

*Парақтық картографиялық басылымдардың картографиялық кескіндемеге дейінгі беттің жоғары бөлігінде:*

- басылымның тақырыбы,
- тақырыптан кейінгі мәліметтері;
- сандық масштабы.

11.2 *Парақтың төменгі жиегінде:*

- картаны дайындаған мекеменің атауы мен заңды мекен-жайы;
- баспа мен оның заңды мекен-жайы;
- картаның дайындалған орны мен жылы;
- Халықаралық стандартты кітап нөмірі ISBN және оның штрих коды.
- таралымы;
- баспаханалық тапсырыс нөмірі, полиграфиялық кәсіпорынның заңды атауы мен мекен-жайы;
- авторлық құқықты қорғау белгісі.

## 12 Электронды басылымдардың шығу мәліметтері

12.1 Электронды басылымдардың шығу мәліметтерінің негізгі элементтері ГОСТ 7.83 сәйкес болуы тиіс, оның ішінде:

- тақырыпқа дейінгі мәліметтер;
- электронды басылымды жасауға қатысқан авторлар мен басқа да тұлғалар туралы мәліметтер;
- электронды басылымның атауы;
- тақырыптан кейінгі мәліметтер;
- шығу мәліметтері;
- бұқаралық ақпарат құралының тіркеуші орган және тіркеу нөмірі (электронды мерзімді басылымдар мен газеттер үшін) болған жағдайда (өкілетті мекемеден алынады);
- қысқа жүйе талаптары;
- интернет-ресурстары үшін жаңару мерзімі туралы мәліметтер;
- шығару мәліметтері;
- авторлық құқықты қорғау белгісі.

